

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім беру бөлімінің  
«Абай атындағы орта мектебі» КММ

Баяндама тақырыбы: **«Ауыл мектебі- әдістемелік, заманауи даму  
алаңында»**

Дайындаған: «Абай атындағы орта мектебі» КММ директоры  
Акыбаева Назигуль Ниязбековна

Ақжар ауылы  
2024 жыл

Ауыл – қазақтың алтын кіндігі. Барлық салт-дәстүр, ұлттық құндылық, ұлттық тәлім-тәрбие – бәрі ауылда. Сонымен қатар ауыл мектебі – тек білім ордасы ғана емес, үлкен мәдениет орны, рухани орталығы, ел бірлігінің алтын қазығы. Қазақ мектебі – халқымыздың ұлттық асылдары мен қазыналарын сақтау, дамыту мен болашаққа аманаттаудың кепілі. Өткен ХХ ғасырдың басында Алаш ардақтыларының бірі Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» - деген болатын. Сондай қаймағы бұзылмаған ауыл мектебінің бірі Тарбағатай аудандық білім беру бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мектебіміз 95 жылдық тарихы бар, 655 оқушы білім алып, 74 педагог қызмет атқарып жатқан білім ордасы.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында оқушылардың білім сапасын арттыру үшін мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуын жақсартуды, білім беру сапасын арттыруға, ауыл мен қала арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған тапсырмалар берілді.

Осы орайда, Қазақстанда ауыл мектептерін қолдау бойынша «Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы іске асырылып жатыр. Бұл жоба аясында Абай атындағы орта мектебі 2023 жылдың 10 қараша айынан өз жұмысын бастап кетті. Мектебімізде "Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту" жобасы аясында ҚР Оқу - ағарту министрлігі, "Qazagstanhalgyna" қоғамдық қоры және Білім беру саласын тұрақты дамыту қорымен серіктестікте құны 250 млн тұратын барлық оқу кабинеттері материалдық-техникалық базамен толық жабдықталды. АРТ студия, STEM –лаборатория, мультимедиялық – лингафондық кабинет, психолог кабинеті, ер балаларға арналған ағаш, темір шеберханасы, қыз балаларға арналған тігін, асхана шеберханасы, акт залы, спорт зал, кітапхана, асхана, телестудия, әдістемелік мұғалімдер бөлмесі де техникамен, жиһаздармен, құралдармен қамтылды.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесі енгізілу бойынша жүйелі жоспарға сай жұмыс жүргізілуде. Назарбаев Зияткерлік мектеп іске асыратын жобаның негізгі міндеті: мектеп инфрақұрылымын түгіндеу және ауылдағы білім беру қызметінің сапасын арттыру. Жалпы бағалаудың, тәрбие мен оқыту жұмысының инновациялық тәжірибелері мен технологияларын енгізу жүзеге асырылуда.

Бүгінде мектебіміз әдістемелік, заманауи даму алаңында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл өзгерістерді:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасының артуынан көреміз. Сәнді интерьер, жайлы сынып бөлмелері еріксіз оқуға деген құлшынысты арттыруға септігін тигізді. Оқушылар ең жаңа үлгідегі сандық технологиялармен қамтамасыз етілген. Осындай мектепте оқушылар жүйелі әрі креативті ойлауға үйренері анық.

2. Мектептің басты міндеті – білім беру. Сапалы білім беру үшін оқытудың мазмұны мен әдістері қайта қаралады. Педагогикалық ұжымға қолдау жасаудың, ынталандырудың жолдары қарастырылған. 2023 жылдың қазан айынан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесімен танысу, әдістемелік көмек алу мақсатында семинарларға, курстарға, конференцияларға т.б қатыстық. 69 мұғалім семинарға қатысып, 6 мұғалім халықаралық конференцияға қатысса, 4 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Іс-шара өткен жер	Іс-шара тақырыбы	Түрі	Қатысқан педагог саны	Өту формасы
Семей қаласы НЗМ	Қазақстанның ауылдық мектептері «POWERED BY NIS» жобасы аясында «Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру»	Семинар	52	Оффлайн
Өскемен қаласы НЗМ	Қазақстанның ауылдық мектептері «POWERED BY NIS» жобасы аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» атты семинар	Семинар	37	Онлайн
Өскемен НЗМ (Мектеке келді)	Қазақстанның ауылдық мектептері «POWERED BY NIS» жобасы аясында әдістемелік көмек көрсетілді	Семинар	63	Оффлайн
Астана қаласы	Жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған білім берудегі көшбасшы бағдары.	Халықаралық басқару интенсиві	1	Оффлайн
Астана қаласы	«Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін арттыру» халықаралық конференция	Конференция	4	Оффлайн
Өскемен қаласы ПШО	Мектептегі сабақты бақылау. ҚМЖ құрылымы. Семинар	Семинар	15	Онлайн
Астана қаласы	Қиын өмірлік	Семинар-	3	Оффлайн

	жағдайдағы оқушыларға және олардың отбасыларына көмек көрсету және дағдарыстың алдын алу	тренинг		
Алматы қаласы	Барлығына қол жетімді сапалы білім алуға қол жеткізу.	Конференция	1	Оффлайн
Өскемен қаласы НИШ	Мектептегі мұғалім көшбасшылығы	Курс	2	Онлайн
Өскемен қаласы НИШ	АКТ құзыреттілігін дамыту	Курс	2	Онлайн

3. Педагог мамандардың сапалық құрамын, кәсіби қажеттіліктерін, қиындықтар мен мүмкіндіктерін анықтау мақсатында бірнеше диагностикалық, сараптамалық шаралар өткізіліп, құнды мәліметтер дайындалды.

#### 4. Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Мектептің атауы	Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары білім	Орта арнайы білім	Білімі жоқ
ШҚО ББ Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі»КММ	2021-2022	63	57	6	0
	2022-2023	67	59	8	0
	2023-2024	74	65	9	0

#### 3 жылдағы педагогтердің санаттары бойынша сапалы құрамы

Мектептің атауы	Оқу жылдары	Барлық педагогтер	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Педагог
ШҚО ББ Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі» КММ	2021-2022	63	1	16	10	23	1	4	3	5
	2022-2023	67	1	16	11	18	1	3	2	15
	2023-2024	74	0	17	13	23	0	0	2	19

5. Оқушылардың білім сапасы оқытудың сапасына байланысты. Сондықтан оқытудың сапасын жетілдірудің тиімді тетігі ретінде мұғалімдер тәжірибесін бақылау мақсатты түрде жүргізіледі. Мұғалімдер, мектеп әкімшілігі бір-бірінің сабағына қатысып, кері байланыс береді.

6. Мұғалімдердің ынтымақтастық әрекетте дамуының бір бағыты Lesson Study тәсілдері қолданылып, әр сынып бойынша білім сапасында туындаған мәселенің шешімін анықтауға жұмыстар жүргізіледі.

Ауыл жобасы аясында мектебімізде 4 және 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің мониторинг жасалды. Барлығы 4 сыныптар бойынша 59 оқушы қатысып қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәндерінен, 8 сыныптар бойынша 42 оқушы ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі, математика, химия, физика, биология пәндерінен онлайн форматта тест тапсырды.

Әдістемелік кеңесте оқу жетістіктерінің мониторингі нәтижелері бойынша оқушылардың детальды есебі талқыланып, ұсыныстар берілді. Бұл мониторинг нәтижесі жеке әр оқушыға, әр сыныпқа талданып, диагностика жасалған. Мониторинг нәтижесі бойынша 50% төмен көрсетілген тапсырмалар бойынша физика, химия пәндеріне ұсыныстар әзірленіп, жұмыстар жасалуда.

Әр тоқсан соңында БЖБ, ТЖБ жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасап, мұғалімдерге тапсырмаларда орындалатын дағдылар деңгейін, оқушылардың білім, білік, дағдыларды меңгеру деңгейіне мониторинг жасаудың тиімді жолдарын үйретуге іс-шаралар жоспары қарастырылуда.

Білім сапасы – 71 % құрады. Білім ордамызда педагог пен оқушылардың жетістіктері – «Ауыл мектептері» жобасы аясындағы көрсетілген материалдық базаны нығайту жұмыстарының нәтижесі деп білеміз.

Жалпы әдістемелік жоспар жасауда аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауын жасап, алдымызға міндеттер қойдық.

1. Авторлық бағдарлама жасаудағы іс-тәжірибенің аздығы
2. Облыстық, республикалық пән олимпиадасына оқушылардың қатысу көрсеткішінің төмендігі
3. Ғылыми жоба жұмысын облыстық, республикалық деңгейде қатысу көрсеткішінің төмен болуы

Осындай өзекті мәселені алдыға тарта отырып кемшіліктің себебін анықтау мақсатында олимпиада, ғылыми жоба жұмысына дайындық барысы туралы оқу зерттеу қызметі жүргізілді. Зерттеуші педагогтармен себеп, салдары, тақырыптық зерттеу критериілері анықталып, жоспарлы жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде облыстық олимпиадада 3 оқушы, ғылыми жоба сайысында 2 оқушы жүлделі орын алды.

Аудан көлемінде «Инновациялық шығармашылық жоба фестивалі» өткізіліп, оқушылардың жасаған жоба жұмыстары көрсетілді. Мектеп бойынша 62 жоба жұмыс жасауда.

Мектебіміздің жас ұстаздары Қуат Қосынұлы, Құралай Дидарқызы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін ауыл мектебі педагогтерінің «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» ІІ республикалық форумына қатысты.

Осы форумның облыстық кезеңінде жас ұстаздарымыз Team leader ретінде қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Мектебімізде жылыжай жасалып, оқушылар өсімдіктердің өсу сатысы бойынша зерттеу жұмыстарын бастады.

Мектеп оқушылары аудандық ProEco жобасында жылыжай жұмысы бойынша жүлделі І орын иеленіп, облысқа жолдама алды.

«Буккросинг-2023» байқауында мектеп кітапханасының жұмысы ауданда бас жүлде иеленіп, облыстық байқауға жолдама алды.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі жүргізіліп отырады. Әр ай сайын ашық есік күні өткізіліп, ата-аналар мектеп тынысымен танысады. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады.

Мектеп мұғалімдері «Педстрат», «Алтын тұғыр» олимпиадасының облыстық кезеңдерінде жүлделі 1-2 орын иеленді.

Мектебімізде орнатылған техникалық базаны мұғалімдер мен оқушылар оқу процесінде толық қолдануда. Оқушылардың зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын білдіріп, жеке және топтық ізденіс жұмыстарының қатары артып келеді. Болашақта оқушыларымызға зор үміт артамыз. Қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыруда Ауыл мектебі жобасының берері мол.